

Туркеева К.А., Бабихан А.
**Жібек жолының экономикалық
белдеу құрылысында Қытай
мен Қазақстанның
ынтымақтастық алғышарттары**

Turkeeva K.A., Babikhan A.
**Favourable conditions of coop-
eration between Kazakhstan and
China in the construction of the
Economic belt on the Silk way**

Туркеева К.А., Бабихан А.
**Предпосылки сотрудничества
Китая и Казахстана
в строительстве
экономического пояса
на Шелковом пути**

Мақалада Ұлы Жібек жолында орналасқан мемлекеттердің жаңа экономикалық даму мүмкіндіктері қарастырылған. Жаңа белдеу Евразия континенті арқылы өтіп, көптеген мемлекеттерді жалғастырады. Ұлы Жібек жолы экономикалық белдеуінің ең басты мақсаты аймақтық қарым-қатынастардың жаңа моделін орнату болып табылады. Сонымен қатар мақалада кеңірек Қазақстан экономикасының дамуына Қытайдың қатысуы мен Қазақстан және Қытайдың экономикалық ынтымақтастығы қарастырылады. Қытай экономикалық өсу тұрғысынан әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылады. Қытайдың табысы негізінен икемді экономикалық саясат арқылы жүзеге асырылады. Мақалада қазақ-қытай қатынастарына қатысты маңызды ақпараттар бар. Мақала қазақстандық-қытайлық деректерге негізделген.

Түйін сөздер: Ұлы Жібек жолы, Қытай Халық республикасы; Қазақстан Республикасы, экономика, интеграциялық үдерістер.

This article describes the new opportunities for economic development of the regions situated on the historical route of the Great Silk Way. The new route will run across the continent of Eurasia, crossing many countries. The main goal of «economic factor of the Silk Way» – the creation of a new model of regional cooperation. The article also widely covered economic cooperation between Kazakhstan and China, China’s participation in the development of Kazakhstan’s economy. China is one of the world leaders in terms of economic growth. China’s success is largely achieved through a flexible economic policy. The article contains important information on Kazakh-Chinese relations. The article is based on Kazakh and Chinese materials.

Key words: Great Silk Way, The People’s Republic of China, The Republic of Kazakhstan, economy, integration processes.

В статье рассмотрены новые возможности экономического развития регионов, расположенных по историческому маршруту Великого Шёлкового пути. Новый маршрут будет пролегать через континент Евразии, пересекая многие страны. Главной целью «экономического пояса Шелкового пути» – создание новой модели регионального сотрудничества. В статье также широко освещается экономическое сотрудничество Казахстана и Китая, участие Китая в развитии экономики Казахстана. Китай является одним из мировых лидеров по темпам экономического роста. Успехи КНР во многом достигнуты благодаря гибкой экономической политике. В статье имеется важная информация относительно казахско-китайских отношений. Статья основывается на казахстанских и китайских источниках.

Ключевые слова: Великий Шёлковый путь, Китайская Народная Республика, Республика Казахстан, экономика, интеграционные процессы.

**ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
БЕЛДЕУ
ҚҰРЫЛЫСЫНДА
ҚЫТАЙ МЕН
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Ұлы жібек жолындағы экономикалық белдеу Ежелгі жібек жолы ұғымына негізделген аймақаралық экономикалық дамудың жаңа жобасы болып табылады. Ұсынылған жоба ерекше ауқымға және жалпы халық саны үш миллиард болатын нарық әлеуетіне ие, сондықтан ол «әлемдегі ең кең және ең әлеуеті маңызды экономикалық дәліз» ретінде қарастырылады. БҚпал ету аймағы Шығыс Азияны, Орталық Азияны және Батыс Еуропаны қамтитын бұл транссеуразиялық экономикалық белдеу өзінің бойындағы елдердің экономикалық дамуында маңызды орын алады. Әлемдегі ірі континент ішілік ел және аймақтық держава ретінде Қазақстан Жібек жолының Экономикалық белдеуі бойындағы ең маңызды елдер қатарына жатады және Қытайдың маңызды саяси және экономикалық серіктесі болып табылады. Жібек жолы туралы жалпы түсінік, қытай-қазақ арасындағы үздіксіз саяси және экономикалық қатынастар Жібек жолының Экономикалық белдеуінің құрылысына қолайлы жағдайлар туғызды және әлі де туғызып келеді.

– Қытай мен Қазақстанның Жібек жолы туралы геосаяси көзқарасы. 2000 жылдан астам тарихы бар Ұлы жібек жолы ежелгі құрлықтық транссеуразиялық әйгілі сауда жолын және әлемдік мәдени дамудың маңызды жетістіктерінің бірін құраған. 16 ғасырдан бастап Жібек жолы өзінің өмір сүруін тоқтатты, себебі Орта Азия мен Қытай арасындағы сауда-дипломатиялық қатынастар айтарлықтай әлсірей бастады. Оның негізгі себептеріне теңіз жолдарының ашылуы, феодалдар арасындағы соғыстардың өрши түсуі, Шейбанидтер мемлекеті мен Орта Азияның және Иранда Сефевидтердің саяси байланыстарының шиеленісуі жатады. Экономикалық жаһанданудың дамуы, аймақтық экономиканың интеграциялануы және Қытайдың дамуы аясында Жібек жолының қайта жандануы жол бойындағы елдердің жалпыға ортақ арманына айналды, нәтижесінде Жібек жолы бойында Экономикалық белдеу құру концепциясы туындады, ол Қытайдың және басқа да елдердің, оның ішінде Қазақстан да бар, Жібек жолы туралы геосаяси көзқарасына сай келеді.

– Жібек жолын қайта жандандыруда Қытайдың күш салуы. Әрбір қытай Ежелгі жібек жолын жадында терең сақтайды және бұл жолдың қайта жандануы қытай халқының жалпыға

ортақ арманы болып табылады. Оның себебі, ең алдымен, Ежелгі жібек жолы Қытайдың мәдени дамуында Қытайдың мақтанышының бірі; тағы бір себебіне Жібек жолы бойындағы аймақ өте үлкен экономикалық әлеуетке ие, ол тек Қытай ішіндегі экономикалық дамудың аймақтық айырмашылықтарын азайтып қана қоймайды, сонымен қатар, Қытай экономикасын әлемдік нарықтарға интеграциялайды; сонымен қатар, келесі себебіне Жібек жолының қайта жандануы геосаяси маңызға ие, себебі «Азияның қиыншылықта болған кезеңі Жібек жолының гүлденуі мен әлсіреуімен тұспа-тұс келді және жалпы Азияның жандануы Ұлы жібек жолының туындауына сай келеді».

Соңғы жүз жыл ішінде Қытай Жібек жолының қайта жандануына өте үлкен күш салды. Оның ішінде ең біріншісіне жол инфрақұрылымының құрылысы жатады. Ең бірінші 1905 жылғы Кайфэн-Лоян темір жол құрылысынан бастап Қытай Екінші Еуразиялық континент аралық көпір, Чунцин-Сыньцзян-Еуропа темір жолын және бірінші жоғары жылдамдықтағы Сиань-Баоцзи темір жолын құрып үлгерді. Екіншіден, Қытай Жібек жолының қайта жандануының стратегиялық жобасын ұсынды. 21 ғасырға аяқ басысымен, Қытай үкіметі «Батысты үлкен игеру», «Орталық бөлікті нығайту» және т.б. жобаларды жасап шығарды. 2007 жылы Қытай жеті елмен (Қазақстан, Ауғанстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Монғолия, Тәжікстан және Өзбекстан) бірлесіп «Заманауи Жібек жолының» құрылысына 19,2 млрд доллар инвестициялауды жоспарлады. 2008 жылы Қытай ПРООН басқарушылар кеңесімен және Орталық Азияның төрт елімен (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан) бірлесе отырып Жібек жолын қайта жандандыратын жобаны іске қосты, ол басқа да 19 ел тарапынан белсенді қызығушылық туғызды. Қытайдың Ежелгі жібек жолы туралы геосаяси көзқарасы жалғасуда және дамуда және Жібек жолындағы Экономикалық белдеу концепциясы 2013 жылы қыркүйекте ҚХР төрағасы Си Цзиньпинмен ұсынылған болатын.

Қытай Жібек жолының бойынан Экономикалық белдеудің құрылысын жаңа ұйым құру үшін емес немесе аймақтық ынтымақтастық механизмі үшін емес, аймақ елдері арасында екіжақты тиімді ынтымақтастық қатынастарын құру үшін, олардың жалпы дамуы және гүлдену мақсатында құрды. Қазіргі ашығырақ плюралистикалық Еуразия ынтымақтастық аясында кең бастамаларды қолдауға мүмкіндігі бар. Жібек жолының Экономикалық белдеуі

Кедендік Одақпен, Еуразиялық экономикалық қауымдастықпен және басқа да аймақтық интеграциялық механизмдермен толығымен үйлесімділікке түсіп, бірін-бірі толықтырып отыра алады.

– Қазақстанның Ежелгі жібек жолын тануы. Ежелгі жібек жолының Қазақстанмен тығыз байланысы бар. Біріншіден, географиялық тұрғыдан Ежелгі жібек жолының солтүстік бағыты қазіргі Қазақстанның аумағынан өткен. Алматы мен Тараздан басқа Жібек жолының бойында Отырар, Сауран, Талғар, Сығанақ, Сайрам, Түркістан және т.б. қалалар орналасқан, олардың Жібек жолының Экономикалық белдеуінде қайта жаңғыруы жөнінде көптеген адамдар ойлануда. Екіншіден, Қазақстанның еуразиялану жөніндегі геосаяси көзқарасының құрылуы мен сақталуында Жібек жолы маңызды рөл атқарады. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан үкіметі еуразиялану жөніндегі геосаяси көзқарасын сақтап қалуда. «Қазақстан-2050» стратегиясында президент Н.Назарбаев еуразиялану идеясының «біздің еуроазиялық аймақтың ортасында географиялық орналасуына байланысты келіп шығатынын айтып өтті. Экономикалық және саяси үрдістердің жаһандану жағдайында бұл фактор негізгілердің біріне айналуда. Біздің ата-бабамыз түрік халықтарымен бір отбасы құра отырып, осындай стратегиялық маңызды факторды өзіне ұтымды түрде пайдалана білген: аңызға айналған Жібек жолының бойымен еуропалық және азиялық елдер арасында кең сауда каналы қалыптасқан. Қазіргі таңда біз оның қайта қалыптасу үшін біздің аймағымыздың басқа елдерімен ынтымақтаса отырып және әлемдік қауымдастықтың қолдауымен қажетті шараларды жасаудамыз. Сөзсіз, келешекте сауда жүйесі, қаржылық ағымдар және адамдардың миграциясы Еуропа мен Азия арасында өседі деген еуразиялану идеясын алға тарттым және оны дамытамын, оның арқасында стратегиялық болашақтың барына сенімдімін». «Қазақстан-2050» стратегиясында осындай түсінік түсіндіріледі. ҚР Ежелгі жібек жолының бойында орналасуы және Еуразияда орналасқан ел болуы жөніндегі геосаяси көзқарасы Жібек жолында Экономикалық белдеу концепциясына сай келеді.

– Қазақ-қытай саяси қатынастарының тұрақты дамуы.

1992 жылы 3 қаңтарда Қытай мен Қазақстан арасында дипломатиялық қатынастардың орналуынан бастап олардың саяси қатынастары тұрақты даму үстінде және екі ел арасындағы екі жақты сенім үнемі нығаюда, ол Жібек жолында

Экономикалық белдеу құрылысына алғышартпен қамтамасыз етеді.

– Қытай мен Қазақстан бір-бірінің тәуелсіздігін құрметтейді және елдің ішкі жұмыстарына араласпайды, ол Жібек жолындағы Экономикалық белдеу құрылысына жағымды әсер етеді.

Жаһандану дәуірінде ішкі жұмыстарға араласпау принципі үлкен өміршеңдікке ие. Нақты теңдікке негізделі отырып, бұл принцип кез келген ел үшін, оның көлеміне және байлығына байланыссыз, оның халқы тиімді жолды таңдай алатынына негізделеді. Ішкі жұмыстарға араласпау Қытайдың Қазақстанмен және басқа да Орталық Азия елдерімен сенімділіктің күшеюіне негіз болады. Тәуелсіздікті алғаш алған жылдары Орталық Азия елдері психологиялық тұрғыдан кіші мемлекет сезімін бастан кешірді және орыстандыру себебінен өзінің дәстүрлі мәдениетінен байланысын үзіп қалғандықтан олардың психологиялық күйзелісі күшейе түсті. Бір жағынан, олардың жүрегінде КСРО-мен байланыс болды, екінші жағынан, олар кіші мемлекет тұлғасына өте сезімтал болды және ірі державалардың араласуынан және бақылап отыруынан үрейленді. Ірі державалардың өзінің ішкі жұмыстарына араласуына сескене қарайтын Орталық Азия елдері барлық елдер өзінің жеке саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйелерін өзінің ұлттық шарттарына сәйкес қалыптастыру құқығын қолдайды, басқа елдер ол жұмыстарға араласуға құқығы жоқ екенін алға тартады. Қазақстан Президенті Н. Назарбаев сыртқы саясат саласында маңызды бағыт ол – Қазақстанның тәуелсіздігі мен жеке ел ретінде қалыптасуы мен дамуы екенін атап өтті. Біздің еліміз келесі жүзжылдықта әлем көпжылдықты болуы, орталық күштерден тәуелсіз және конфронтация, бөлінуді білдіретін сызықтарсыз, ішкі жұмыстарға араласусыз және саяси жүйелерді күштеп енгізулерсіз болуы керек деген елдердің ойымен қосылады. Қытай сәйкесінше әртүрлі өркениеттер, әлеуметтік жүйелер және даму жолдары бір бірін құрметтеуі керек, елдің ішкі жұмысына басқа елдер араласпау керек деген ұстанымды ұстанады. Қытайдың бұл позициясын көптеген елдер қолдайды, оның ішінде Қазақстан да бар. Ішкі жұмыстарға араласпау принципі – Жібек жолында Экономикалық белдеу құру аясында Қытайдың сыртқы саяси негізі болып табылады.

– Территориялық мәселелерді сәтті шеше отырып, Қытай мен Қазақстан Жібек жолының Экономикалық белдеуінің құрылысына кедер-

гі келтіруі мүмкін қиыншылықтарды түбегейлі шешті.

Территориялық бөліну кез келген мемлекет үшін оның кез келген өмір сүру уақытына қарамастан ең қиын мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі таңда тарихи дамуына байланысты, табиғи жағдайларына, әлеуметтік жағдайларға және т.б. себептерге байланысты әлемде көптеген қайшылықты территориялар бар. Территориялық мәселелер мемлекетаралық қатынастардың дамуына үнемі кері әсерін тигізіп отырады, себебі барлық елдер территорияға қол тигізбеушілік мәселесіне аса жоғары көңіл бөледі, алайда бір елге деген меншік, эксплуатация, жерді пайдалану және т.б. даулы жерге қатысты сұрақтар екі немесе одан да көп елге қатысты болып келеді.

Орталық Азия елдері ішінен Қазақстанға Қытаймен шекара сызықты бекіту барынша жылдам жүзеге асты, алайда әлі күнге дейін трансшекаралық өзендерге қатысты қиын және маңызды мәселе шешімін таппай келеді. 1994 жылы 26 сәуірде екі жақ «Қазақ-Қытай шекарасы жөніндегі келісімге» қол қойды. 1997 жылы қыркүйекте шекараға қатысты қосымша келісімге қол қойылды, ал 1999 жылы 10 наурызда Қазақстан парламенті оны ратификациялады. Осылайша бөліну процесі аяқталған еді. Мемлекетаралық келісім көмегімен даулы аймақтар мәселесінің құқықтық тиесілілігін анықтай отырып, Қытай мен Қазақстан тарихи тиесілілікке қатысты даулы жерлердің мүмкін болатын қарама-қайшылықтарын және шиеліністі жағдайларды шешті, осылайша екі жақ арасында достық қатынастар орнады және Жібек жолында Экономикалық белдеу құрылысына жағдай жасады.

– Қытай экономикасы мен Қазақстан арасындағы тығыз байланыс.

Ежелгі Жібек жолының географиялық негізіне және саяси қатынастардың алғышарттарына қосымша Қытай мен Қазақстан арасында Жібек жолының Экономикалық белдеу құрылысы нақты үлкен экономикалық қажеттіліктерге ие.

– Қытай мен Қазақстан арасындағы айқын экономикалық бірін бірі толықтырушылық жағдайы Жібек жолында Экономикалық белдеу құрылысының қажеттілігін туындатады.

Жоғарыда айтылып өткендей, Қазақстан әлемдегі ірі континентшілік ел және аймақтық держава болып табылады. Ірі минералдық және энергетикалық ресурстарға ие бола отырып, Қазақстан сыртқы экономикалық тәуелділікке ие. Мысалы, тәуелсіздік алғаннан бері

Қазақстанға келген шетелдік инвестицияларды жан басына шаққандағы көлемі ТМД елдері ішінен бірінші орынды иеленеді. Қазақстанның шетелдік тауарларға деген тәуелділігі де өте жоғары. Жоғарытехнологиялық тауарлардан басқа Қазақстан алғашқы мұқтаждық тауарлары және жеңіл өнеркәсіп тауарларын импорттауға мәжбүр, ал Қытай мұндай тауарларды өндіре алады. Осылайша, Қытай мен Қазақстан арасындағы экономикалық қатынастар маңызды екі жақты бірін бірі толықтыруларға ие. Қазақстан маңызды мұнай, газ, вольфрам (дүние жүзі бойынша барланған қорлар бойынша бірінші орында), хром және фосфорит (екінші орын), мыс және т.б. қорларға ие, оның эксплуатациясы үшін өте қомақты қаражат қажет. Ал Қытай, бір жағынан, өте үлкен көлемде минералдық және энергетикалық ресурстарды импорттайды, екінші жағынан, өз капиталын инвестициялайтын жер жоқтығынан қиындық көруде. Жібек жолында Экономикалық белдеудің құрылысы Қытай мен Қазақстан үшін объективтік қажеттілік болып табылады.

Қытай-қазақ тауар қатынастарының жалпы жағымды даму тенденциясы Жібек жолында Экономикалық белдеу құрылысына нақты жағдай жасауда.

Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың кеңеюі және Қытай мен Қазақстан арасындағы оның жағымды даму тенденциясы барлығына мәлім. 2013 жылы Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда көлемі 28,6 млрд АҚШ долларын құраған. Ең алғаш дипломатиялық қатынастар орнаған сәтте сауда көлемі 368 млн АҚШ доллары болған, одан бері екі ел арасындағы сауда көлемі 76 есе өскен. Сонымен қатар, Қытай Ресейді баса оза отырып, Қазақстанның ірі сауда серіктесіне айналды, Қытайдың Орталық Азияның ірі бес елімен сауда қатынастарының ішінен Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда көлемі 70% иемденеді. Қытай мен Қазақстан бір-бірінің сыртқысауда саясатында маңызды орындарға ие, ол Жібек жолында Экономикалық белдеу құры-

лысына деген нақты қажеттілікті туындатады. Жібек жолында Экономикалық белдеу құрылысы Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық қатынастарды нығайтып, қаржылық операциялар және кадрлармен және жүктермен алмасу жағдайын оңайлатады және Қазақстан мен Қытай үшін әртараптандырылған экономикалық дамуға қол жеткізуге көбірек мүмкіндік бере алады.

Қытай-қазақ арасындағы жол салынуы жылдам дамуда, ол Жібек жолында Экономикалық белдеу құрылысын ынталандырады.

2009 жылға дейін Қытай мен Қазақстан арасында автомобиль жолындағы қатынастар 71 маршруттан тұрған, оның 37-і жолаушы тасымалымен және 34-і жүк тасымалымен айналысқан. Соңғы жылдары Қытай мен Қазақстан арасындағы жол байланыстары белсенді бола бастады, оның ішінде Ляньюньганнан Санкт-Петербургке қатынайтын автомагистраль Қазақстан арқылы (Ақтөбе – Қызылорда – Шымкент – Тараз – Қордай – Алматы) өтеді, оған аса жоғары көңіл бөлінуде. Оның жалпы ұзындығы 8445 км құрайды. Оның 2233 км Ресей арқылы, 2787 км Қазақстан арқылы, 3425 км Қытай арқылы өтеді. Бұл дәліз тек қана Қазақстанның көлік жағдайын жақсартып қана қоймай, Қазақстанға транзиттік алымдар және маңызды сыртқысауда каналдарымен қамтамасыз етеді, сонымен қатар, Жібек жолында Экономикалық белдеу құрылысын ынталандырады.

Жоғарыда айтылғандардан Жібек жолының Экономикалық белдеу құрылысы Қытайдың және Қазақстанның геосаяси көзқарасына сай келетіні айқындалады, қазақ-қытай арасындағы саяси қатынасының тұрақты дамуы Жібек жолы Экономикалық белдеу құрылысының бірлесіп құруына алғышарттар туындатады және екі ел арасындағы тығыз экономикалық байланыс концепцияның жүзеге асуына жағдай жасайды. Бір сөзбен айтқанда, концепция жағымды шарттарға және Қазақстан мен Қытай үшін стратегиялық маңызға ие.

Әдебиеттер

- 1 中欧铁路构筑丝绸之路经济带»大动脉»新华网2014年4月8日 http://news.xinhuanet.com/fortune/2014-04/08/c_1110146592.htm
- 2 2014年4月4日 Жамбайбеков Д.К. Великий шелковый путь через древние города Казахстана. – 10.10.2013 // <http://www.group-global.org/ru/publication/view/8855>
- 3 亚洲国家共盼丝绸之路复兴, 中国经济网2014年4月4日
- 4 七条特路新线今起运营打通丝绸之路等多条经济带. 2013年12月28日。
- 5 何茂春, 张翼兵新丝绸之路经济带的国家战略分析: 中国的历史机遇, 潜在挑战与应对策略«人民论坛, 学术前沿»2013年第23期。

- 6 中俄友好合作的新组带，丝绸之路经济带，2014年3月24日。
- 7 Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана. // http://www.akorda.kz/ru/page/kazakhstan-2030_1336650228
- 8 郭(谅)中国在中亚地区国家形象塑造的实践，战略及建议»新疆社会科学»2014年第1期。
- 9 Смагулов Н.К. Основные принципы внешней политики Республики Казахстан / Республика Казахстан в системе мировой политике (2-е издание) / под ред. акад. НАН РК А.М. Газалиева. – Караганда: Изд-во Карагандинского государственного технического университета, 2011. – С. 11.
- 10 Савкович Е.В. Пограничное урегулирование на западе КНР в 1990 – 2000-е гг. (Казахстан, Кыргызстан, Таджикистан) // Вестник Томского государственного университета. – 2010. – № 336.
- 11 Казахстан лидирует среди стран СНГ по объему привлеченных инвестиций на душу населения – вице-премьер – 23.06.2011. // <http://www.newskaz.ru/economy/20110623/1618908.html>
- 12 2013年中国与中亚四国贸易突破400亿美元，新华网，2014年2月13日。
- 13 Farkhod Tolipov. What does it mean for Uzbekistan and China to be Strategic Partners? Central Asia – Caucasus Analyst. – Vol. 15. – No.22- 2013.
- 14 Строчков А., Парамонов В. Экономическое проникновение Китая в Казахстан и Кыргызстан. – 27.06.2012. // <http://www.easttime.ru/analytics/kitai/ekonomicheskoe-proniknovenie-kitaya-v-kazakhstan-i-kyrgyzstan>
- 15 Алексей Храмов. Движение по участку автомагистрали Западная Европа – Западный Китай планируется открыть до конца 2011 года. – 21.10.2011. // <http://auto.gazeta.kz/rubric2/article6140/>

References

- 1 中欧铁路构筑丝绸之路经济带»大动脉»新华网2014年4月8日 http://news.xinhuanet.com/fortune/2014-04/08/c_1110146592.htm
- 2 2014年4月4日 Jambaibekova D.K. Velikiy shelkoviy put' cherez drevnie goroda Kazakhstana. – 10.10.2013 // <http://www.group-global.org/ru/publication/view/8855>
- 3 亚洲国家共盼丝绸之路复兴，中国经济网2014年4月4日
- 4 七条特路新线今起运营打通丝绸之路等多条经济带。 2013年12月28日。
- 5 何茂春，张翼兵新丝绸之路经济带的国家战略分析：中国的历史机遇，潜在挑战与应对策略»人民论坛，学术前沿»2013年第23期。
- 6 中俄友好合作的新组带，丝绸之路经济带，2014年3月24日。
- 7 Kazakhstan – 2030. Procvetanie, bezopasnost' i uluchshenie blagosostoyaniya vseh Kazakhstantcev. Poslanie Prezidenta strany narodu Kazakhstana. // http://www.akorda.kz/ru/page/kazakhstan-2030_1336650228
- 8 郭(谅)中国在中亚地区国家形象塑造的实践，战略及建议»新疆社会科学»2014年第1期。
- 9 Smagulova N.K. Osnovnye printipy vneshney politiki Respubliki Kazakhstan / Respublika Kazakhstan v sisteme mirovoy politike (2-e izdanie) / pod. red. Akad. NAN RK A.M. Gazaliev. – Karaganda: Izd-vo karagandinskogo gosudarstvennogo tehnikeskogo universiteta, 2011. – S. 11.
- 10 Savkovich E.V. Pogranichnoe uregulirovanie na zapade KNR v 1990 – 2000-e gg. (Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tadjikistan). Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2010. – № 336.
- 11 Kazakhstan lidiruet sredi stran SNG po ob'em privlechenykh investitsiy na dushu naseleniya – vitse-prem'er – 23.06.2011. // <http://www.newskaz.ru/economy/20110623/1618908.html>
- 12 2013年中国与中亚四国贸易突破400亿美元，新华网，2014年2月13日。
- 13 Farkhod Tolipov. What does it mean for Uzbekistan and China to be Strategic Partners? Central Asia – Caucasus Analyst. – Vol. 15. – No.22- 2013.
- 14 Storov A., Paramonov V. Ekonomicheskoe proniknovenie Kitaya v Kazakhstan i Kyrgyzstan. – 27.06.2012. // <http://www.easttime.ru/analytics/kitai/ekonomicheskoe-proniknovenie-kitaya-v-kazakhstan-i-kyrgyzstan>
- 15 Aleksey Xramov. Dvijenie po uchastku avtomagistrali Zapadnaya Evropa – Zapadnyi Kitay planiruetsya otkryt' do kontca 2011 goda. – 21.10.2011. // <http://auto.gazeta.kz/rubric2/article6140/>